

Б.Қ. Момынова* , **Қ.Б. Слямбеков** 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: momynova_b@mail.ru

«ЛИДЕР» ЖӘНЕ «ЛИДЕРЛІК»: МАҒЫНАЛЫҚ РЕҢКТЕРІ МЕН БАЛАМАЛАРЫ

Мақалада жеке сала ретінде таныла бастаған саяси лингвистикадағы лидер және лидерлік, қайраткер, қайраткерлік, мемлекет, көшбасшы сынды ұғымдардың мәні ғылыми тұрғыдан түсіндірілді. Осы сөздердің түрлі тілдердегі, атап айтқанда, еуропа және орыс тілдеріндегі білдіретін мағыналары, олардың мағыналық реңктеріне және қазір қолданыста жүрген қазақ тіліндегі баламаларына талдау жасалады. Ол үшін интернет сөздіктердің, яғни <https://www.lugat.kz/> – қазақ тіліндегі сөздіктер кешенінің материалдары пайдаланылды. Бұл келтірілген сөздердің қазақ тіліндегі баламаларының сәтті, сәтсіздігі, кейбір сөздердің қайталанып келетіні анықталды. Кейбір сөздердің әдеби баламалары әлі тұрақтанбағаны, кодификацияланбағаны айтылды.

Лидерлердің мінбері, сөздері жиі жарияланатын стиль түрі – әдеби тілдің публицистикалық стилі. Соңғы кездерде публицистикалық стильдің баламасы ретінде «көсемсөз» деген аударма беріліп жүр. Мақалада осы баламаны қолдануды неліктен қолдамайтыны туралы автор көзқарасы айтылды. Ол үшін дәлелдер келтірілді, себебі түсіндірілді. Мақалада көтерілген мәселені толықтыру мақсатында, лидер мен лидерлікке қатысты кейбір тілдік аспектілерді анығырақ ашу үшін Қазақстандағы тілдік ортаның идентификациясы ұсынылды. Әрине, бұрыннан бар классификациялар ескерілді. Қазақ қоғамы қайраткерлерінің, саяси лидерлердің сөздері тілдің әлеуметтік сипаты ескеріліп, алғаш рет жіктелді.

Түйін сөздер: лидер, лидерлік, тілдік тұлға, саяси лингвистика, публицистикалық стиль, қайраткер тілі, саяси лидер тілі, тіл идентификациясы.

B.K. Momynova*, Q.B. Slyambekov

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty
e-mail: momynova_b@mail.ru

«Leader» and «leadership»: semantic shades and alternatives in translation

The article reveals and scientifically explains the meaning of such concepts as leader and leadership, figure, state figure, political leader, as terms in the field of political linguistics, as a separate field of linguistics. The meanings of these words in various languages, in particular, in European and Russian languages, their semantic nuances and currently existing equivalents in the Kazakh language are analyzed. Internet dictionaries are used for this purpose, i.e. <https://www.lugat.kz/> – materials of the Kazakh dictionary complex. It is established that some words have been successfully translated, some translations are unsuccessful, some words are translations of several words, i.e. there are repetitions. It was revealed that the literary equivalents of some words have not been stabilized or codified yet.

The type of style in which leaders' speeches are often published is the journalistic style of literary language. Recently, as an equivalent of the term "publicistic style", some scholars suggest the translation "kosemsoz". However, the author does not support the use of this alternative translation, for this, the facts are presented as evidence.

In order to supplement and clarify the problem raised in the article, the identification of the language environment in Kazakhstan was proposed, in order to be able to more clearly reveal some linguistic aspects related to the concepts of leader and leadership. Of course, already existing classifications were taken into account. The language of Kazakh statesmen and political leaders was classified for the first time taking into account the social aspect of linguistics.

Key words: leader, leadership, linguistic personality, political linguistics, journalistic style, language of a statesman, language of a political leader, language identification.

Б.К. Момынова*, К.Б. Слямбеков

Институт языкознания им. А. Байтурсынова, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: momynova_b@mail.ru

«Лидер» и «лидерство»: смысловые оттенки и альтернативы при переводе

В статье выявлены и научно объяснены значения таких понятий, как лидер и лидерство, деятель, государственный деятель, политический лидер, как терминов в области политической лингвистики, как обособленной области языкознания. Проанализированы значения этих слов в различных языках, в частности, в европейских и русском языках, их смысловые оттенки и существующие в настоящее время эквиваленты в казахском языке. Для этого использованы интернет-словари, то есть <https://www.lugat.kz/> – материалы комплекса словарей на казахском языке. Установлено, что некоторые слова успешно переведены, некоторые переводы неудачны, некоторые даны как перевод нескольких слов, т.е. имеют повторения. Было выявлено, что литературные эквиваленты некоторых слов еще не стабилизированы, не кодифицированы.

Тип стиля, в котором часто публикуются выступления лидеров, публицистический стиль литературного языка. В последнее время как эквивалент термина «публицистический стиль» некоторые ученые предлагают перевод «көсемсөз». В статье изложено мнение автора о том, почему не поддерживает использование этого альтернативного перевода. Для этого приведены факты, как доказательства.

В целях дополнения и уяснения поднимаемой проблемы в статье, была предложена идентификация языковой среды в Казахстане, для того, чтобы была возможность более ясно раскрыть некоторых языковых аспектов, касающихся понятий лидера и лидерства. Конечно, учитывались уже существующие классификации. Язык деятелей казахских государственных деятелей и политических лидеров были впервые классифицированы с учетом социального аспекта лингвистики.

Ключевые слова: лидер, лидерство, языковая личность, политическая лингвистика, публицистический стиль, язык государственного деятеля, язык политического лидера, языковая идентификация.

Енді, міне, бостандық таңы атты. Не қыламыз десек те, ерікті болдық. Бас қосқыш болсаң, қос енді басыңды, аш сиезіңді, тоқтау қылар ешкім жоқ. Бірақ бас қосудан мақсат не? Соны жұрт жақсы білу керек. Бас қосуды, сиезге баруды жұрт қызылды-жасылды киініп, тана-моншақ тағынып, тойға барғандай, қызыққа жиналғандай көрсе, ондай сиезден, әлі де болса да пайда жоқ.

Қазақ, №226, сенбі, 22 апрель, 1917 жыл (жылан) (саяси бас мақала).

Кіріспе

Қоғамдық ойға қатты серпін беріп, позитивті көзқарас қалыптастыратын мемлекеттің ірі қайраткерлерінің, лидерлерінің сөздері, мақалалары республикалық орталық басылымдарда, қоғамдық-саяси ұстанымы бар газеттерде жарияланып тұрады (Момынова, 2003:66). Бұл басылымдар, теледидар, радио т.б. ақпараттық құралдар тілі әдеби тілдің публицистикалық стиль түріне жатады. Әдеби тілдің публицистикалық стилі терминіне қазақ тіл білімінде балама ретінде «көсемсөз стилі» ұсынылып жүр. Мақалада баламалардың қолайлы болуы немесе қолайсыздығы туралы сөз болады.

Әдебиеттерге шолу

«Лидер», «лидерлік», «көсемсөз», «көшбасшы», «көшбасшылық» сөздері саяси лингвистикада термин ретінде қоладнылады. Мақалада

осы мәселені зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектері ғылыми аппарат ретінде қолданылды. Соның ішінде саяси және әлеуметтік лингвистиканың кейбір аспектілерін қарастырған қазақ тіл біліміндегі Б. Хасанов (2007), Б. Момынова (2003) және шетелдік ғалымдар Наумов В.В. (2007), Срезневский И.И. (1959), Селезнева Е.В. (2019), Блондель Ж. (1992), сонымен қатар интернет материалдарындағы қажетті деген тұжырымдар, негізгі ұстанымдар бағдарға алынды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы жазу барысында саяси лингвистикадағы базалық ұғымдар арнайы бөлініп алынды. Жинақтау, талдау, салыстыру амалдары мемлекет қайраткерлерінің, саяси лидерлердің тілі, лидер және лидерлік, қайраткерлік ұғымдарын анықтау үшін пайдаланылды. Материалдарды түсіндіруде әртүрлі

тілдерден мағыналас сөздерді жинақтау, оларды мағыналық жағынан салыстыру, талдау, баламаларына анализ жасау тәсілдері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Халық танымы мен халықтың өзін-өзі тануының негізгі формасы ретінде тіл гносеологиялық категорияға жатады. Бірақ ұлттық тіл концепциясы туралы ойларда бірізділік болмайтынын ескерген В.В.Наумов, белгілі ғалым Бодуэн де Куртенэнің ұлт, яки халық тілінің, индивидуалды тілдің адам санасында ғана байырқаланып, санада ғана иедалды болатынын айтып, тілдің әлеуметтілігінің маңызын көрсеткеніне тоқталады (Наумов, 2007:74). Оның пайымынша, жеке адамның яки тұлғаның басқа индивидтермен қарым-қатынасы барысында ғана тілі дамиды, яғни тілі «ұзарады». Ал лидерлер және лидерлердің тілдік тұлғасы қарым-қатынасқа негізделеді. Ендеше «лидер» деген кім? «Лидерлік» деп нені ұғынуға болады?

«Лидер» және «лидерлік» ұғымдарының мазмұны айқын, бір қарағанда түсінігі қиындық тудыруы мүмкін еместей көрінеді. Бірақ ғалымдар осы ойдың дұрыстығына күмәнмен қарайды. Себебі «лидер» және «лидерлік» ұғымдары олардың ғылыми түсінігі түзілместен бұрын пайда болған. Лидерлік атақ емес, бұл өзін сынау; сіз бұл деңгейге не көтерілесіз, не көтерілмейсіз. Бұл туа біткен қабілет, дарын болуы мүмкін, бірақ оны үйретуге, өсіруге, жетілдіруге болады. Көшбасшылық стилін жетілдіру үшін өзін-өзі тану, интроспекция және рефлексия қажет (Malamateniou, 2022). Әлеуметтанудан бастау алып символдық интеракционизмге негізделген көшбасшылық коммуникация – жеке тұлғаларды немесе топтарды ортақ мақсатқа, міндетке жету үшін бағыттайтын, әсер ететін және шабыттандыратын дискурсивті құрылыс және процесс (Boin, 2009).

Ал қазақ тілінде «лидер» сөзін «көсем» сөзімен атау бар. Осының әсерінен болар, публицистикалық стильді де «көсемсөз» деп атап жатады. Бұл стиль тек көсемдік танытуы тиіс екен. Бірақ мерзімді басылымдарда жұрттың бәрі жабыла мақұлдайтын, дұрыстығына шәк келмейтін материалдар ғана жарияланбайды. Сондықтан ондағы материалдардың бәрі бірдей көсемсөз емес, яғни бәрінде көшбасшылық ерекшелік бола бермейді. Ал көшбасшылық ұғымын Столлер Дж.К. айтуынша, көшбасшылыққа апаратын жол өзінің миссиясын, мақсаттары мен

құндылықтарын түсіну үшін жасалған ішкі бағалаудан басталады. Өзгенің эмоционалды жағдайын түсіну, оған мотивация беріп, даму жолдарын көрсету – жеке және кәсіби ортада биіктерден көрініп, қанағаттануға алып келетін ең тиімді тәсіл» (Stoller JK., 2021). Ал көсемсөздің басқа сөз түрлерінен сипаты бөлек. Көсемсөзде көшбасшылық нышан болуы – сөзсіз, бұл оның шарты. Екіншіден, кеңестік қоғамның көсемі Ленин, сондықтан ТМД-да, посткеңестік кеңестікте «көсем» сөзі мен «көсемсөздің» ассоциациясы Ленин және кеңестік қоғаммен астасатыны белгілі. Сондықтан бұл сөзді көп қолданудан қашқақтау да орын алған кездер болды. Бірақ осы «көсем» сөзінің жағымды мәні оның семасында орныққан сөздердің бірі. Осы жағымды мәні қазақ тілінде Алаш зиялылары ақталғаннан соң жанданып, жаңғыра түсті. Бірақ «көсем» сөзі лидер, лидерлік, қайраткердің бәріне бірдей қарата айтылмайды. Мемлекет қайраткері, саяси лидерлердің бәрі көсем бола бермейді. Мәселен, жақсы лидер, ең алдымен, жақсы ізбасарлар. Жақсы ізбасар болу үшін өз мақсаттарын ұйыммен сәйкестендіру керек, жанжалды басқаруды үйрену және сенімділік пен әлеуметтік капитал құру керек (McKimm J, Vogan CL.: 2020; 4:41–44). Үшіншіден, заманауи мерзімді басылымдар тек көшбасшылық қызмет атқарады деу қате түсінік. Өйткені олардың бірнеше түрі бар. Шығатын мезгілі («Кешкі Алматы»), белгілі бір саланың мүддесіне қызмет етуі («Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Сақшы»), ресми, яғни мемлекеттік («Егемен Қазақстан») болумен бірге, саржағал (желтая) пресса, көппрофильді («Караван»), оппозициялық («Жас Алаш») т.б. түрлері бар. Олардың бәрі қоғам мүшелері түсінігінде тек көшбасшылық қызмет атқармайды. БАҚ типтері ғылыми тұрғыда былай бөлінеді: «1. Жалпылама тип – бұл категорияларға қазақ даласындағы алғашқы басылымдар мен тұңғыш әрі бірегей жалпыұлттық мәселелерді көтерген «Қазақ» газеті жатады; 2. Кәсіптік-салалық басылымдар: «Қазақстан мұғалімі», «Заң газеті», «Сақшы», «Қазақ әдебиеті», «Ауыл» газеттері жатады; 3. Оқырмандардың жас ерекшеліктеріне қарай шығарылатын басылымдар: «Ұлан», «Жас Алаш» т.б.; 4. Шығу жиілігіне қарай күнделікті, апталық басылымдар: «Егемен Қазақстан» – күнделікті, ал «Ана тілі», «Қазақ елі» апталық басылымдар. 5. Шығатын мезгіліне қарай кешкілік басылымдар бар, олар: «Алматы ақшамы», «Астана ақшамы». 6. Әкімшілік-

территориялық басылымдар республикалық, облыстық, аудандық газеттер, БАҚ құралдары жатады» (Момынова, 2003: 36-38). Төртіншіден, БАҚ-тың «қоғамдық ой, қоғамдық пікір тудыру функциясы ерекше. Жалпы басылым атаулының информациялық-ақпараттық, комментарилік-ақпараттық, ағартушылық-танымдық және пікір тудыру, оны қалыптастыру, оқырмандар дүниетанымына әсер ету функциясы ерекше» (Момынова, 2003:4-5). Ой мен пікір астарында неге болсын күмәнмен қарау, көңіл аударту, ойландыру әрекеті де жатады. Бесіншіден, «публицистика» деген халықаралық терминді аудармасыз түсінуге болады. Ол сөз тілде, халықаралық деңгейде әбден қалыптасқан, орныққан, аса танымал. «Публицистика» сөзінің ауқымы «көшбасшылықтан» да кең болып көрінеді. Жай ғана бір елдің басшысы, көсемі ұғымынан да кең және осы сөздерге мағынасы жуық сөздер бар, бірақ олардың әрқайсысының өзіндік реңктері болады. Сондықтан градуалды тұрғыдан сәйкестік болуы, осы сөздердің арасында тептендік орнауы екіталай. Сол себепті «публицистика» термині қолданылады.

Енді «лидер» және «лидерлік» сөздерінің түрлі ғылым салаларында қалыптасу тарихына, оларға берілген ғылыми түсініктерге тоқталу жөн.

«Лидер» сөзі – батыс-германдық *laithjan* сөзі негіз болған, кейіннен ағылшын тілінде зат есімнен етістікке трансформацияланып, «ба-

стау», «жетектеу», «көшбастау» мәнін иеленіп, шамамен XIII ғ. *a leader*, яғни «жетекші», «артынан ертуші», «бағыттаушы», «бағыт беруші» немесе «көмектесуші», яки «өзінің соңынан еруге міндеттеуші» (Online etymology...) мәнін алған сөз. Алғашқыда *a leader* деп әскер басыларын атады және оларды кейінірек *troop leader* десе, әскери қолбасшыларды (полководцы) *military leader*, ал флот командирлерін *flotilia leader* деп атады. Бұл жерде ағылшын тілінің ықпалының зор екені байқалады. Өйткені Англия флоты дамыған ел болғандықтан, лидер сөзі флоттың жүрер жолын, оның курсы белгілейтін, кейде тұтас бір флотилияның курсы белгілейтін адам (қызметкер) деп есептелді. Сонымен қатар кемелерді немесе белгілі бір тәртіппен қозғалатын кемелерді (ордер), яғни ордерді бастайтын кемелі (судноны) (*ship*) басқаратын адам аталады. «Постепенно (на уровне житейских наблюдений, здравого смысла и естественного языка) стало понятно что, с одной стороны, существуют определенные характеристики, необходимые для лидера, а с другой, став лидером, человек занимает определенную позицию, которая обуславливает всю систему его отношений и деятельности. Это значение – «позиция лидера» – в XIX в. было выражено в слове *leadership*» – «лидерство» (Селезнева, 2019: 9-10). Енді *лидер* сөзіне мәні жуық келетін әртүрлі тілдердегі бірнеше сөзге тоқталуға болады.

1-кесте – Әртүрлі тілдердегі «лидер» сөзіне мағынасы жуық сөздер. Селезнева кестесі үлгісімен (Селезнева, 2019: 9-10)

1	2	3	4	5	6
1	латын	<i>dux</i> (от <i>duco</i> – водить, вести). Қазақ тіліндегі аудармасы <i>водитъ</i> – жүргізу, <i>вести</i> – жетекшілік ету (переводчик)	1 вожатый, проводник; вожак; 1 глава, начальник, командир, полководец, военачальник; предводитель, атаман; 2 главарь, зачинщик, инициатор и руководитель; 5 государь	- бәрі жағымды мәнді, тек <i>атаман</i> , <i>главарь</i> сөздерінің қылмыс әлемінде жағымсыз реңкі болады (бірақ қылмыскерлер үшін жағымды).	қазақ тілінде: 1 <i>вожатый</i> – кеңесші, <i>проводник</i> – жол көрсетуші (интернет-аудармашы: <i>жолды көрсету</i>), <i>вожак</i> – көшбасшы; 2 <i>глава</i> – <i>басшы</i> , <i>командир</i> – командир, <i>полководец</i> – <i>қолбасшы</i> , <i>военачальник</i> – <i>әскери басшы</i> , <i>атаман-атаман</i> , <i>предводитель</i> – <i>жетекші</i> , <i>главарь-жетекші</i> , <i>зачинщик</i> – <i>бастаушы</i> , <i>инициатор</i> – <i>бастамашы</i> , <i>руководитель</i> – <i>басшы</i> . <i>Проводник</i> сөзінің терминдік мәні <i>өткізгіш</i> деп мәнмәтінге сай берілген. Әрине, бізге қажеті <i>жол көрсетуші</i> мәні.

1	2	3	4	5	6
2	неміс	<i>fuhrer</i> (от <i>fuhren</i> – вести, водить) Қазақ тіліндегі аудармасы <i>водитъ</i> – жүргізу, <i>вести</i> – жетекшілік ету (переводчик)	1 вождь, руководитель; 2 (вагоно) вожатый, водитель, пилот, рулевой; 3 командир, командующий; 4 проводник; 5 ведущий, лидер	<i>путеводитель</i> – <i>нұсқаулық</i> (интернет-аудармашы терминдік мәнде аударған. Бірақ семасында <i>бастама</i> мәні бар).	1 <i>Вождь</i> – <i>басшы</i> , <i>руководитель</i> – <i>басшы</i> , 2(<i>вагоно</i>) <i>вожатый</i> – (<i>вагон</i>) <i>кеңесші</i> (интернет-аудармашы), <i>водитель</i> – <i>жүргізуші</i> (бізге қажет мағынасы <i>басшылық етуші</i>), <i>пилот</i> – <i>ұиқыш</i> (интернет-аудармашы осылай аударған, біз үшін <i>бағыттаушы</i> мәні маңызды), <i>рулевой</i> – <i>рульді</i> (интернет-аудармашы деп аударған, <i>бізге бағыттаушы</i> мәні қажет); 3 <i>командир</i> – <i>командир</i> , <i>командующий</i> – <i>қолбасшы</i> , <i>путеводитель</i> – <i>нұсқаулық</i> (интернет-аудармашы терминдік мәнде аударған. Бірақ семасында бастама көрсетуші мәні бар). <i>Ведущий</i> – <i>жетекші</i> , <i>лидер</i> – <i>көшбасшы</i> .
3	француз	<i>guide</i> (от <i>guider</i> – вести, указывать дорогу) – <i>указывать дорогу</i> – <i>жолды көрсету</i>	1 проводник, вожатый; 2руководитель, советник, вдохновитель; 3 направляющий	Бәрі де жағымды мәнмен қолданылып жүрген сөздер және мағыналары бір-біріне жуық келеді.	<i>Проводник</i> , <i>вожатый</i> , <i>руководитель</i> сөздерінің аудармасы қайталанатындықтан, тоқталмадық. <i>Советник</i> – <i>кеңесші</i> , <i>вдохновитель</i> – <i>шебер</i> (интернет-аудармашы <i>шебер</i> деп аударған. Бірақ <i>дем беруші</i> , <i>жігер беруші</i> , <i>жігерлендіруші</i> деген мәндері <i>көшбасшы</i> сөзінің бір қырын танытатын біз үшін маңызды мағынасы). <i>Направляющий</i> – <i>бағыттаушы</i> .
4	италиян	<i>saro</i>	1 голова; 2 ум, разум, сознание; 3 глава; главарь, вожак; ответственный, руководитель, заведующий; 3 начальник; командир.		Интернет-аудамашы: 1 <i>голова</i> – <i>бас</i> ; 2 <i>ум</i> – <i>ақыл</i> , <i>разум</i> – <i>ақыл</i> , <i>сознание</i> – <i>сана</i> ; 3 <i>глава</i> – <i>тарау</i> , (бірақ контекске қарай <i>бас</i> , <i>басшы</i> мағынасы бар, бізге керк мағынасы осы), <i>главарь</i> – <i>көшбасшы</i> , <i>вожак</i> – <i>көшбасшы</i> ; <i>ответственный</i> – <i>жауапты</i> , <i>руководитель</i> – <i>басшы</i> , <i>заведующий</i> – <i>меңгеруші</i> , 4 <i>начальник</i> – <i>бастық</i> , <i>командир</i> – <i>командир</i> .
5	испан	<i>jefe</i>	1 глава, начальник, шеф, заведующий; 2 старший офицер; 5 начальник, командир, командующий; 6 вождь, лидер		1 <i>начальник</i> – <i>бастық</i> , <i>шеф</i> – <i>басшы</i> , <i>заведующий</i> – <i>меңгеруші</i> ; 2 <i>старший офицер</i> – <i>аға офицер</i> , <i>начальник</i> – <i>бастық</i> , <i>командир</i> – <i>командир</i> , <i>командующий</i> – <i>қолбасшы</i> , <i>вождь</i> – <i>басшы</i> , <i>лидер</i> – <i>көшбасшы</i> .
6	вождь – вести		руководитель, управляющий, заведующий, начальник, правитель, распорядитель, председатель, командующий, главнокомандующий, главноуправляющий, администратор, президент, глава, голова, главарь, вождь, вожак, предводитель, командир, капитан, комиссар, бригадир, звеньевой, мастер, атаман; владыка,	Кейбір мәнмәтіндерде <i>атаман</i> сөзінің жағымсыз мәні болады. <i>Ал шеф</i> , <i>кормчий</i> , <i>старшой</i> , <i>голова</i> , <i>шишка</i> т.б. сөздері экспрессиямен қолданылады.	<i>Руководитель</i> – <i>басшы</i> , <i>управляющий</i> – <i>басқарушы</i> , <i>заведующий</i> – <i>меңгеруші</i> , <i>начальник</i> – <i>бастық</i> , <i>правитель</i> – <i>билеуші</i> , <i>распорядитель</i> – <i>басқарушы</i> , <i>председатель</i> – <i>Төраға</i> , <i>командующий</i> – <i>қолбасшы</i> , <i>главнокомандующий</i> – <i>бас қолбасшы</i> , <i>главноуправляющий</i> – <i>бас басқарушы</i> , <i>администратор</i> – <i>әкімші</i> , <i>президент</i> – <i>президент</i> , <i>глава</i> – <i>бас</i> , <i>голова</i> – <i>бас</i> , <i>главарь</i> – <i>көшбасшы</i> , <i>вождь</i> – <i>басшы</i> , <i>вожак</i> – <i>көшбасшы</i> , <i>предводитель</i> – <i>көшбасшы</i> , <i>командир</i> – <i>командир</i> , <i>капитан</i> – <i>капитан</i> , <i>комиссар</i> – <i>комиссар</i> , <i>бригадир</i> – <i>бригадир</i> , <i>звеньевой</i> – <i>звенева</i> (?),

1	2	3	4	5	6
	орыс		властелин, властитель, лоцман, кормчий, опора, столп; старшой, указчик, авангард, коновод, шеф, босс, патрон, хозяин, заправила, набольший, шишка; диктатор, деспот и т.д.		<i>мастер – шебер, атаман – атаман</i> , ал <i>владыка, властелин, властитель</i> сөздерінің қазақша баламасы берілмеген, бәріне <i>лорд</i> деген ағылшын сөзі аударма ретінде жазылған. <i>Авангард-авангард, коновод – жылқы өсіруші, шеф – аспаз</i> (өзге мәнмәтіндік мағынасы көрсетілмеген), <i>лоцман – ұшқыш, кормчий – қоректендіруші</i> , ; <i>опора – тірек, столп-баған; старшой – аға, указчик – көрсеткіш, босс-бастық, патрон – патрон, хозяин – шебер (иесі, басшылық етуші</i> сияқты мағыналары көрсетілмеген), <i>заправила – жанармай құю</i> (аудармасы дұрыс емес), <i>набольший – үлкен</i> бізге керегі басқа контекстік мағына), <i>шишка – соққы</i> (бізге керегі басқа контекстік мағына); <i>диктатор – диктатор, деспот – деспот</i> т.б.

Осы кестеде аталған еуропа тілдерінің барлығында да *лидер* сөзіне мағынасы теңбе-тең болмағанмен, жақын келетін сөздер бар. Мысалы, *chef шексіз самодержавалық билік, иерархиялық, командалық құрылымның* барын білдіретін сөз; *deckleur* лидер сөзінен мағынасы жағынан тар, өйткені *бір мәселені, проблеманы ғана шешетін адам* дегенді білдіреді, ал *dirigeant – топ жетекшісі* мәнін ғана білдіретін атау (Блондель, 1992). Байқалып тұрғандай, мағыналас сөздердің бәрінің де өздеріне ғана тән мағыналық реңктері болады, ал мәнмәтінге қарай ауыспалы мағыналары болуы жөніндегі мәселе бөлек. Тіпті кейбірі юмормен, кейбірі экспрессиямен айтылады, мысалы, *атаман, шишка, заправила, столп, главарь, старшой, голова* т.б. ТМД елдері үшін *фюрер* сөзінің пейоративті мәні, Гитлер есімімен ассоциацияланатындықтан, ерекше. Қазақ тілінде осы сөздердің *басшысымақ, лидер емес, қайраткерлікке жетпеген* сынды жағымсыз мәні көмекші тұлғалар арқылы жеткізіледі.

Ал қазақ тіліндегі осы ұғымға қатысты аудармалардың қалыпқа түсіп болмағаны, олардың әлі тұрақтану үстінде екені, яғни саяси термин ретінде кодификациялануы аяқталмағаны байқалады. Мысалы, *басшы (вождь-басшы, шеф-басшы, руководитель-басшы, глава-басшы), басқарушы (распорядитель-басқарушы, управляющий-басқарушы), бастық (начальник-бастық, босс-бастық)* сөзі бірнеше сөздің баламасы болып жүр. *Лидер* сөзі *көшбасшы* деп аударылған. Бірақ *көшбасшы* сөзі сонымен қатар

предводитель, вожак, главарь сөздерінің баламасы болып тіркелген. Осы жағдай «жетекші» сөзіне де қатысты: *предводитель – жетекші, главарь-жетекші*. Осы сынды баламалардың бірінің жағдайы публицистикалық стильге байланысты. Публицистиканың лидер мен лидерлікке қатысы сөзсіз. Лидер де, лидерліктің де танымалдылығы БАҚ арқылы жүзеге асады.

Көптеген тілдерде эмоциясыз, ғылыми ұғымды нақты жеткізетін сөздер ретінде «публицистика», «лидер» сөздері қалыптасып, нормаланған. Және осы сөздер психологияда, лингвистикада, әлеуметтік лингвистикада, былайша айтқанда, антропоорталықты (антропоэекті, адамөекті) зерттеулер жүргізетін ғылым салаларында орныққан. Дегенмен, жоғарыда келтірілген тілдік фактілер мен атаулардың сан түрлі мағыналық реңктері болуына қарай *лидер* және *лидерлік* ұғымдарына бір ғана ғылыми түсінік беру де, бір ғана ережемен тұжырымдау да қиын. Психология, конфликтология, қарым-қатынас психологиясы сөздіктерінде, глоссарийлерінде аталған сөздердің мағынасының әртүрлілігі соншама, нақты бір ғана ұғыммен шектеу мүмкін емес. Дегенмен, «лидер» және «лидерлік» сөздерінің басқа атауларға қарағанда тұрақтала бастағаны, бір ұғым-бір атау күйін қалыптаса бастағаны байқалады. Сондықтан «көшбасшы» және «көшбасшылық» сөздерін де қолдану керек.

Лидер, саяси лидер, мемлекет қайраткері не мемлекеттік қайраткер ұғымдарын тілдік тұрғыдан сөз еткенде, тұлға және оның бейнесі,

оның имиджі мәселелері туралы айтпай өту мүмкін емес. Мемлекеттік деңгейде қызмет етіп жүрген адамдардың мемлекеттік тіл, мемлекеттік тілдің қоғамның түрлі сфераларында қолданылуына байланысты көзқарастарын лингвист-зерттеушілер бағалауы қажет. Бұл тұрасында проф. Б.Хасанов: «Тұлға сөзде көрінеді, сөйлеу барысында шегіне жете нақтыланады. Тұлға күллі ұлттық ерекшелікті (менталитет, мінез, тіл т.с.с.) бойына жиған адам және олар тілде көрініс береді» (Хасанов, 2007: 6) деп көрсетеді. Лидердің тілдік қабілеті жайлы В.Таранцов көшбасшылардың тікелей емес, әртүрлі коммуникация құралдарын пайдалана отырып, көптеген адамдармен өзара әрекеттесуі ХХІ ғасыр билігінің ерекшелігі екенін айтады. Жаңа құрамдас бөлік пайда болды, ол саяси көшбасшының имиджі, беделі деп айтты (Tarantsov, 2001). Ал Беслей Т. президентті саяси лидер ретінде қарастыра отырып оның білім деңгейі өсу процесін маңызды фактор дей келе, жоғары білімін президент елді өсіру құралына айналдыратын даму теорияларымен таныс болар еді (Besley және басқалары, 2011). Алайда тек бұл ғана негізгі критерий болып саналмайды, мәселен, Д.Мурзаеваның айтуы бойынша, жақсы басшының амбициясы емес, еліне, халқына қызмет ету мақсаты айқын болуы керек. Мақсаты, міндеті айқын, өзгелер оған қызмет етпей, керісінше ол өз еліне қызмет ететін адам нағыз лидер атанады (Murzaeva and Aқçalı, 2013)

Бұл жерде тағы да басын аша кетер бір жайт *мемлекет қайраткері* мен *мемлекеттік қайраткер* атауларының айырмашылықтарын ашу, мағынасындағы ерекшеліктерді көрсету. *Мемлекет қайраткері* – бір ғана мемлекет көлемінде белгілі тұлға, ұлт және ұлтқа байланысты сапалық белгілердің критерийі болатын дәрежеге көтерілген адам. Ал мемлекеттік тұлғалар – бұл осы тұлғалардың жиынтық, универсалды бейнесін сипаттауға, талдауға негіз болатын тұлғалар. Өйткені тілдік тұлғалардың типтері біреу емес, жалқы ғана емес, біраз. Айталық, мемлекет деп толық танылмаған Алашорда үкіметіне қызмет еткен белгілі тұлғалар – мемлекет қайраткерлері деп атауға тұрарлық тұлғалар. Қазақ ұлты, мемлекеті туралы сөз болғанда олар туралы айтпай, аттап өту мүмкін емес. Сондықтан мемлекет қайраткерлерін мынадай топтарға бөліп қарастыру жөн:

1. Саяси лидер және ұлт деңгейіндегі лидерлер, қайраткерлер ретінде қай тақырыпта болмасын таза қазақ тілді, қазақша сөйлеу

үлгісін қалыптастырған тілдік тұлғалар (ХХ ғ. басы);

2. Кеңестік кезеңнің алғашқы онжылдықтарында қазақша сөйлеуге басымдық берген, әрі лидер және қайраткер ретінде орысша сөйлеу үлгілерін дәстүрге айналдыра бастаған тілдік тұлғалар (ХХ ғ. 30-50 жж. дейін);

3. Кеңестік кемелденген социализм кезіндегі лидерлер мен қайраткерлер тілі немесе негізінен кейбір шаршытоп алдындағы сөздері болмаса ойларын орысша жеткізген қайраткерлер (ХХ ғ. 50-90 жж. соңы);

4. Тәуелсіздік алған жылдардағы лидерлер мен қайраткерлердің тілдік тұлғасы (2000 ж. қазірге дейін).

Кез келген бөлініс (жіктеме) немесе классификация, шартты, ал лидерлер мен қайраткерлер тіліне қатысты классификация алғаш рет жасалды. Осы бөліністің ішінде қайраткерлер тіліне тілдік талдаулары аз кезең кеңестік кемелденген социализм кезеңі болады. Өйткені сол кезеңдегі саяси жағдайлар мен жағдаяттар осылай қалыптасқан. ХХ ғасырда образ құру өнері шарықтау шегіне жетті. ХХ ғасырдың ортасында американдық ғалымдар сана мен мінез-құлықты манипуляциялау механизмдеріне негізделген саяси көшбасшылық тұжырымдамасын ұсынды (Zhuravleva I.V. and Zhuravlev S.V., 2015). Қазақ тілінде көшелі саяси сөз, кешенді пікірлер тек орыс тілінде айтылған уақыт осы кезең болып табылады. Сол кезеңдегі тілдік талдаулар негізінен қайраткерлердің кейбір жиындардағы, болмаса еңбекшілермен кездесудегі диалогтарын, қысқа сөздерін талдаудан ғана тұратын сияқты. Сияқты деудің себебі сол кезеңдегі қайраткерлердің шаршытоп алдындағы қазақ тілінде айтылған сөздері әлі де жинақталуда. Жалпы бұл жағдай тек қазақ мемлекеті қайраткерлеріне ғана тән ерекшелік емес, одаққа (КСРО) тән. Орысша сөйлеу, жазу міндетті болған кезеңнің айрықшалығы осылай қалыптасты және сол тұстағы қайраткерлердің бәріне тән болды. Сондықтан осы кезеңнің қазақ тіліндегі тілдік суретін (картинасын) жасау қиын мәселе. Саяси лидерлік туралы да осылай деуге тура келеді. Өйткені саясат одаққа ортақ болды, орталықтанған еді, ал өзгешелік шаруашылық жүргізуге байланысты қалыптасқан еді. Дегенмен бұл мәселе болашақта әлі де тереңдей зерттеуді, тереңірек тануды қажет етеді.

«Лидер», «қайраткер» деген атаулардан бөлек «мемлекеттік қызметші» деген атау бар. Атау – морфологиялық тұрғыдан күрделі атау. Осы сөзге мынадай анықтама берілген:

«Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттік міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттілікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы. Оның тұлғасы өркениетті елдерде мемлекеттік тіл арқылы танылады. Мемлекеттік әкімшілік қызметші – мемлекеттік саяси қызметшілер құрамына кірмейді. Мемлекеттік лауазым – мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық үкіметтік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі; Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі» т.б. (Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет: 3). Бұл аталғандардан бөлек *лауазымды адам, лауазымдық өкілеттілік, мемлекеттік әкімшілік қызмет санаты, мемлекеттік саяси қызметші* т.б. атаулар бар. Осы аталғандар арасынан *мемлекеттік саяси қызметші* көтеріп отырған мәселеге жуықтау көрінгенімен, оның да қайраткерлік пен лидерлікке қатысы жоқ, себебі «тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауап беретін мемлекеттік қызметші (Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет: 3). Сондықтан лидерлікке, қайраткерлікке бұл атаудың қатысы жоқ деуге болады. Өйткені лидер мен қайраткер тағайындалмайды, сайланбайды (XX ғ. басына қатысты алғанда), олар мемлекет пен ұлт үшін қызмет етеді, көшбасшылық танытады және оларды қоғам өз еркімен мойындайды, бағалайды. Ал олардың сөйлеген сөздері тілдік талдау нысандары болу үшін олардың өздері қазақ тілін, қазақ тілінің айтылымы мен жазылым нормаларын еркін игерген, білетін, лексика-грамматика заңдылықтарын іс жүзінде еркін пайдаланатын адамдар болуы тиіс.

Тіл – халықтың меншігі. Өйткені халық өзінің бар болмыс-бітімін өзіне де, өзгеге де көрсеткісі, танытқысы келсе, міндетті түрде тілге жүгінеді. Тілдің өмір сүруі де, тілге қатысты өзгерістер де белгілі бір заңдылықтар аясында жүзеге асады. Тілдің өмір сүру жағдайына байланысты И.И.Срезневский: «народ, вполне сочувствуя

формальной стройности языка своего, боится нарушить ее, бережет ее, как святыню», – деп жазды (Срезневский, 1959:19).

Сондықтан әрбір ұлттың коммуникативтік әдебі сол ұлттың тілге деген көзқарасы негізінде қалыптасады. Ал тілдік қарым-қатынас ұлт өкілдеріне қатысты өзіміз және басқалар деп бөлу мүмкіндігін туғызады. Қазіргі қазақ қоғамына көп елде қалыптасқан осы стандарт үйлеспейді. Себебі Қазақстандағы тілдік ортаны былайша жіктеуге болады: а) қазақша ойлап, ойын қазақша қағаз бетіне түсіретін қазақтілділер; ә) орыстілді қазақтар (ана тілін мүлде білмейтін қазақтар). Ал өз тілінде сөйлемейтін адамның ойлау жүйесі мен танымы бөлек болатыны өз алдына, өзгеше ойлану дағдысы және мәселені талдауы, соған сай әрекет етуі де бөлек қалыптасады; б) шалақазақтар. Бұлар ауызекі тіл деңгейінде ана тілін білетіндер, бірақ ойын қағазға орыс тілінде түсіретіндер. Соңғы екі топ бірен-саран емес, көп, яғни бұқаралық сипат алған. Осы жағдай мемлекет қайраткерлері мен саяси лидерлердің сөйлеу дағдысына, жазба мәтіндерінің құрылымына, қарым-қатынас түріне де әсер етеді.

Кеңес өкіметі кезіндегі және қазіргі қазақ қоғамындағы негізгі коммуникативтік қарым-қатынас түрі – фатикалық. Фатикалық қарым-қатынас қазіргі кез-келген өркениетті қоғамда қолдауға ие және шын мәнісінде басым. Өркениет тудырып отырған жағдайға сай қазақ қоғамында да фатикалық қатынас басымдыққа ие. Яғни адамдар өз ойын өзгеге сөзі арқылы жеткізуді көздейді және айтылған сөзді, коммуниканттың ойын ұққандардан қолдау, болмаса қарсылық күтеді. Өркениетті заманда күрделі ой-толғауларды, саяси көзқарасты, экономикалық талдамаларды т.б. жеткізуде, әрине, фатикалық қарым-қатынас алдыңғы орында тұрады.

Тілдік бірліктер көмегімен ұлттық ой-танымды жеткізуде, формалар мен құрылымдар ойлап табуда халық өз тілінің авторына айналады. Сондықтан ұлттық формалар ұлттық ойлау мен психиканың материалдануын көрсетеді, ал олардың узустық сипат алуы тіл жүйесінде үйлесім табумен және кейбір нормативтік шектеулерге байланысты. Әрбір тіл иесі яки жеке адам тілдік формалардың сөйлеу барысында сәйкестікте екенін я сәйкессіздігін интуитивті түрде болса да сезінеді. Сондықтан тіл иесі (тұтынушы) мен тілдің тікелей тұтынушысы емес адамның сөйлеу әдебі екі түрлі болады. Біріншісі интенцияны бағдар етсе,

екіншісі коммуникативтік мақсатқа, дйттемге (интенцияға) бағынады. Көздеген мақсатты, дйттемді сана өз қыспағында, бақылауда ұстайды, оның функционалды әлеуеттілігі жоғары келеді. Кез келген қайраткер мен саяси лидер осы жағдайды қаперінде ұстауы тиіс, өйткені оны қоғам тыңдайды, ал қоғамның әлеуметтік және тілдік деңгейі біркелкі болмайды. Осы арада функционалды әлеуеттілік көмегімен кей жағдайда тілдік норманың сақтала бермеу себебін түсіндіруге болатынын ескеру керек. Коммуникативті әдептің осы қыры қазақ тілін үйренгісі келетін өзгетілділердің, шалақазақтардың өз сөз қолданыстарындағы аграмматизмдерді өздері үнемі байқай бермеуінің себебін де ашады. Бірақ бұл мемлекет қайраткері мен саяси лидерлер ұстанатын бағдар емес. Олардың әр сөзін, тіпті әр қимылын халық қалт жібермей назарда ұстап, қарап отырады. Халық алдындағы беделден айрылмау олардың негізгі мақсаты, сондықтан мұндай аграмматикалық ауытқулар олар үшін жат, қателік. Сонымен бірге қайраткерлер мен саясаткерлерді қоғам тыңдайды, сол арқылы қателік тұтас қоғамға тарайды. Ал ұлт тілге қатысты ондай қателіктерді кешірмейді. Сондықтан олар ұлт үшін тілдік тұлға болуы тиіс.

Тілде тіл иесі үшін белгілі бір үлгімен құрылатын еркін бірліктер бар, ал жаттілді адам үшін олар еркін емес. Мұндай еркін емес бірліктерді О.Есперсен формулаға жатқызады және оны өзгерту мүмкін еместігін айтады. Еркін емес болса да осындай формулалар сөйлеушінің санасында модельдер құруға қатысады және коммуникацияда жиі қолданылады. Бұл тұрғыдан саясаткерлер мен қайраткерлер сөзінде шектеулі бірліктерді қолданбайды.

Қандайда бір индивид сөзінің сапалы болуы әлеуметтік жағдайларға байланысты. Ал оның тілдік санасының базасы тіл

жүйесінен алып отыратын еркін бірліктер мен формулалардың жиынтығынан құралады, сөйте келе доминанттылықты айқындайды. Оның түрленуі, түрлік өзгерістерге түсуі, толығуы тілдік тұлғаның ой-санасына, психологиялық қуатына байланысты. Түрлену мен түрлендірудің ұлттық қалыптан аспауы көзделеді. Осы айтылғандар жазу жүйесінде көрініс табады, яғни көшбасшылар тілінде де бар дегенді білдіреді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ қоғамының ана тілін (мемлекеттік тілді) білуіне, біліктілігіне қатысы өзіне тән ерекшелігі бар. Бұл бұрын да өзекті еді, қазір де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл мәселе қайраткерлер мен саяси лидерлердің тіліне, сөйлейтін сөзіне әсер ететіні белгілі, өйткені олардың әрбір сөзі халыққа, ұлтқа арналады. Олардың әр сөзі тыңдаушыға, әрбір адамға жететін деңгейде болуы керек. Ал тыңдарман мен жазарманға ойды анық жеткізу тіл идентификациясын, әлеуметтік тілдік ерекшеліктерді ескеріп барып жүзеге асады.

Қазіргі заман – жазба коммуникацияның заманы. Жазудың мәртебесі күн өткен сайын артып келе жатқан уақыт. Соған орай тілдік тұлғаның дұрыс қалыптасуы үшін, жалпы сауаттылық, ортақ заңдылыққа сай орфографиялық ережелер жасалады, ал қайраткер осы ережелерді еркін біліп, игеріп, практикада қолдана алуы тиіс. Міне, осы айтылған ерекшеліктерді білудің қайраткерлердің тілдік тұлғасын қалыптастыруда айтарлықтай орны бар.

Мақала 2022-2024 жж. орындалатын «Саяси лидерлер мен мемлекет қайраткерлерінің тілі: XX ғ. басындағы Алашорда көсемдерінен тәуелсіздікке дейін» (AP14872021) атты ғылыми жоба бойынша жарияланып отыр.

Әдебиеттер

- Момынова Б. Газет лексикасы: жүйесі мен құрылымы.–Алматы: «Арыс» баспасы, 2003.–228 бет.
 Наумов В.В. Лингвистическая идентификация личности.–Москва: Комкнига, 2007.
 Malamateniou C. “We can all be leaders”. Journal of Medical Imaging and Radiation Sciences 53. 2022, S1–S3. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jmir.2022.06.003>
 Boin, A. The new world of crises and crisis management: Implications for policymaking and research. Review of Policy Research, 2009, 26(4), 367–377. <https://doi.org/10.1111/j.1541-1338.2009.00389.x>
 Stoller JK. Emotional intelligence: leadership essentials for chest medicine professionals. Chest, 2021; 159:1942–1948
 McKimm J, Vogan CL. Followership: much more than simply following the leader. BMJ Leader 2020; 4:41–44
 Online etymology dictionary URL
http://www.etymonline.com/index.php?allowed_in_frame=0&searchmode=leader0&search=nl
 Селезнева Е.В. Лидерство. М.: Изд. Юрайт, 2019. – 429 стр.

- Блондель Ж. Политическое лидерство: путь к всеобъемлющему анализу: пер. с англ. – М., 1992.
- Хасанов Б. Мемлекеттік қызметішінің тілдік тұлғасы және тілдік орта.-Республиканский центр ускоренного обучения государственному языку РКП. –Алматы, 2007.–28 б.
- Tarantsov V. Politician; Image-forming Culture. М., 2001, 176 pp
- Besley, T., J.G., Montalvo, and M. Reynal-querol, Do educated leaders matter? 2013. 121: 205–27. doi: <https://doi.org/10.1111/j.1468-0297.2011.02448.x>
- Murzaeva D. and Akçalı P. General perceptions of a good political leader in Kyrgyzstan. *Journal of Eurasian Studies* 4. 2013, – 47-54
- Zhuravleva I.V., Zhuravlev S.V. Leader in politics and governance: Russian aspect. *Procedia – Social and Behavioral Sciences* 166. 2015. – 541-545
- Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет. – Алматы: ЮРИСТ, 2006.
- Срезневский И.И. Мысли об истории русского языка. – М., 1959. – С.19.

References

- Besley, T., J.G., Montalvo, and M. Reynal-querol. (2013). Do educated leaders matter? 121: 205–27. doi: <https://doi.org/10.1111/j.1468-0297.2011.02448.x>
- Blondel J. (1992). Politicheskoe liderstvo: put k vseobemlyemu analizu [Political leadership: the way to all-encompassing analysis]. – Moscow. (In Russian)
- Boin, A. (2009). The new world of crises and crisis management: Implications for policymaking and research. *Review of Policy Research*. 26(4), 367–377. <https://doi.org/10.1111/j.1541-1338.2009.00389.x>
- C. Malamateniou. (2022). “We can all be leaders”. *Journal of Medical Imaging and Radiation Sciences* 53. S1–S3. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jmir.2022.06.003>
- Hasanov B. (2007). Memlekettik qyzmetishinin tildik tulgasy jane tildik orta [Linguistic personality of a civil servant and the language environment].- Republican Center for increased training of the state language of the RGCP. – Алматы.- p.28. (In Kazakh)
- McKimm J, Vogan CL. (2020). Followership: much more than simply following the leader. *BMJ Leader*; 4:41–44
- Momynova B. (2003). Gazet leksikasy: juesi men qurylymy [Newspaper vocabulary: system and structure].- Алматы: Publishing House "Arys".-228 pages. (In Kazakh)
- Murzaeva D. and Akçalı P. (2013). General perceptions of a good political leader in Kyrgyzstan. *Journal of Eurasian Studies* 4. 47–54
- Naumov V.V. (2007). Lingvisticheskaya identifikatsiya lichnosti [Linguistic identification of personality].- Moscow: Komkniga. (In Russian)
- Online etymology distonary URL http://www.etymonline.com/index.php?allowed_in_frame=&searchmode=leader0&search=nl
- Qazaqstan Respublikasyndagy memlekettik qyzmet. (2006). [Public service in the Republic of Kazakhstan].- Алматы: Jurist. (In Kazakh)
- Selezneva E. V. (2019). Liderstvo [Leadership]. Moscow: Yurayt Publishsing House,– 429 pages. (In Russian)
- Sreznevsky I.I. (1959). Myshl ob istorii russkogo yazyka [Thoughts on the history of the Russian language].- Moscow. – P. 19. (In Russian)
- Stoller JK. (2021). Emotional intelligence: leadership essentials for chest medicine professionals. *Chest*. 159:1942–1948
- Tarantsov V. (2001). Politician; Image-forming Culture. Moscow. 176 pp
- Zhuravleva I.V., Zhuravlev S.V. (2015). Leader in politics and governance: Russian aspect. *Procedia – Social and Behavioral Sciences* 166. 541 – 545